

Мың жасаған шаһардың шамшырағы

Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



АЛМАТЫ АҚШАМЫ



ISSN 2223-2370



№4 (5197),
14 қаңтар, бейсенбі, 2016 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

9 772223 237006

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

**МЕРЗІМІ ӨТКЕН
ЖАРНАМАНЫ КІМ
АЛЫП ТАСТАЙДЫ?**



32-бетті қараңыз.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**ЖАҢА СҮЙЫҚ
ЕРІТІНДІ ҚАР
ЖАУА
БАСТАҒАННАН
ЖОЛҒА СЕБІЛЕДІ**

3

БҮРЫҢҒЫНЫҢ АДАМДАРЫ-АЙ!

**СТУДЕНТ
КЕЗІНДЕ
МИНИСТР
БОЛҒАН...**

9

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ ТЕК ҚАНА «ОҢАЙ»

Бірыңғай
электрондық
жүйенің
алғашқы
күнінде 22,8
млн. теңгеге
транзакция
жасалды





**ЖАСТАРЫМЫЗ
ӨЗДЕРІН БРЕНД
САНАЙТЫН
ШЕТЕЛДІК
ФИРМАЛАРДЫҢ
САПАСЫЗ
ТАУАРЛАРЫНА
ҮЙІР**

16

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

**ТОН КИГІЗГЕН
«ТОҚЫРАУ»
КЕЛЕ ЖАТЫР**

18

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

**ҰЛТТЫҚ
ИММУНИТЕТ
және
«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
СОҒЫС»**

31

6



Суретті түсірген — Самат

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ БИЛЕТСІЗ ЖҮРГЕНДЕРГЕ 4242 ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

● **РЕДАКЦИЯҒА СОҒЫЛҒАН ҚОҢЫРАУ**

КІМГЕ СЕНЕЙІК?

Әсел ДАҒЖАН

Газетіміздің 8 қаңтар күнгі санында метро қызметін пайдаланатын жолаушылар саны 10 миллионға жеткенін хабарлаған болатынбыз. Содан көп өтпей, редакциямызға метроның тұрақты жолаушыларының бірі — Дәулетияр есімді алматылық тұрғын хабарласты.

— Күнде таңертеңгілік жұмысқа метромен барып-келемін. «Байқоңыр» бекетіндегі эскалатордың істемей тұрғанына 10 күннен асып кетті. «Кешіріңіздер, эскалатор уақытша жұмыс істемейді» деген жазуға көзіміз де үйрене бастады. Бірақ, уақытша деген әдетте бірнеше сағатқа ғана созылатын еді. Қазір метромен қатынайтын жұрттың көптігін ескерсек, қарбалас сәтте тіптен қиындау, — дейді Дәулетияр.

Дәулетиярдың сауалына кәсіби түрде жауап беру үшін біз қалалық «Метрополитен» КМК-не хабарласқан едік. Бізге Электрмеханикалық құрылғылар қызметінің басшысы Қаныбек Керімбеков:

— «Байқоңырда» бізде жоғары жағында екі эскалатор тұр. Олар адам жоқ кезде тоқтап тұрады. Адам жанынан өткен кезде кнопка есебіндегі датчик қосылады. Бұл — электр энергиясын үнемдеуге әрі сапалы жұмыс істеу үшін қолайлы. Бізде эскалатор істемей қалу деген еш мүмкін емес. Таңертеңгісін, сағат 6-дан түнгі сағат 12-ге дейін бізде эскалатордың бәрі жұмыс істеп тұрады. Өйткені, біз олардың жұмысына қарап отырамыз. Әр бекетте бейнебақылауды бақылап отыратын кезекшілер бар. Бірі істемесе, екіншісі бізде әрдайым резервте тұрады. Кейде болады, біреулер

Фото — 13 қаңтар күні сағат 16.30-да түсірілген.
Авторы — Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



апаттық батырманы басып қалады, ол кезде адамдарды түсіріп, қайтадан қосады. Оған ең көп дегенде бір минут қана кетеді...

Ал біздің фотоайғақ пен оқырманның сөзі бір жерден шығып тұр.

14.10 Сериал "ГРЕЧАНКА"
 15.00 Дневной выпуск новостей
 15.10 Телехикая "СҮЙГЕН ЖАРЫМ"
 16.00 Кешкі жаңалықтар
 16.15 "Өмір сабақтары" деректі драмасы
 16.50 "Экономикаст"
 17.00 Печерный выпуск новостей
 17.15 Сериал "СНД"
 17.55 "Арман қанатында"
 18.20 Сериал "ӨМІРДАСТАН АҚЫЛДЫҢ КІПІГІ"
 19.15 Телехикая "ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ"
 20.00 Қорытынды жаңалықтар
 20.30 "Startup Bolashak"
 21.00 Итоги дня
 21.30 Х/ф "ХОЛОДНАЯ ГОРА"
 00.05 Сериал "ПЕРЕКРЕСТОК В АСТАНЕ"
 01.35 "Сотқа жеткізбей" деректі драмасы
 02.05 Жаңалықтар
 03.00 ҚР Өнұраны

23.15 «П@УТИНА» бағдарламасы
 23.40 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ». Высшая лига. Финал
 2.10 «П@УТИНА+» бағдарламасы
 2.55 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» ТОК-ШОУЫ
 3.40 «УМНИК» (жаз)
 06.00 "Қыздар арасында"
 06.40 "Баспана бабы"
 07.30 ПРЕМЬЕРА "Құнбастар"
 08.00 "Сайқымзақтар. Жасырын камера"
 08.30 "Құнбастар"
 09.00 "С новым домом"
 10.00 "О самом главном"
 11.00 Т/п "Смеяться разрешается"
 12.00 Сериал "ШАЛҒАЙДАҒЫ ОҚИҒА"
 12.50, 19.00 Скетчком "Q-елі"

7-КАНАЛ

17.55 "Экономические новости" с А.Абдуловым
 18.20, 22.00 Х/ф "ПО ИМЕНИ БАРОН"
 20.00 Премьера на канале! Трогательная семейная история в турецкой драме "СУДЬБЫ СЕСТЕР"
 23.00 Х/ф "ПРЕДЕЛЬНАЯ ГЛУБИНА"
 01.15 Лига Чемпионов УЕФА! 6 - тур "ГАЛАТАСАРАЙ" - "АСТАНА". Повтор
 06.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
 06.05 "Ең күлкілі видеоматериалдар" (каз.)
 07.15 Әзіл - күлкі "КОМИК ADZE" (каз.)
 07.30, 16.20 Әзіл - күлкі "Күлкі базар" (каз.)

НТК

06.00 Открытие вещания. ҚР ӨНҰРАНЫ
 06.05 Мультфильмдер
 06.30 "BAU" деректі хикая
 07.30 "ҚАРАДАЙЫ" түрік телехикаясы
 08.40 ЖАҢАЛЫҚТАР (повтор)
 09.10 "МАХАББАТ ПЕН ӨШПЕНДІЛІК" түрік телехикаясы 47 серия
 10.10 "ШЕФ-2", криминальная драма (повтор)
 12.00 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
 12.40 "НАША ПРАВДА" (повтор)
 13.35 ЕКАТЕРИНА СОЛОМАТИНА, ПЕТР КИСЛОВ, БОРИС ХВОШНЯНСКИЙ в мелодраме "ДО СМЕРТИ КРАСИВА" 21, 22 серия
 15.25 "БАРЫШНЯ - КРЕСТЬЯНКА". Документальное реалисти. Новогодняя премьера!
 16.25 "ТАҒДЫРМЕН ТАРТЫС" үнді телехикаясы (повтор)
 17.00 "ТАҒДЫРМЕН ТАРТЫС" үнді

17.50 "tv власть"
 18:00 Вечерние новости
 18:10 «Управдом»
 18:15 «История глобальной цивилизации». Документальный сериал. (Турция, Великобритания, 2012 г.) 4-серия
 19:00 «Подарок судьбы». Телесериал. (Россия, 2010 г.) 5-серия
 19:55 «Мобильді репортер»
 20:00 Қорытынды жаңалықтар
 20:30 Итоговые новости
 21:00 «Вечерний гость»
 21:20 «Дневник Шарлотты». Мелодрама, комедия. (США, 2011 г.)
 23:00 «История глобальной цивилизации». Документальный сериал. (Турция, Великобритания, 2012 г.) 5-серия
 23:50 «Мобильді репортер»
 23:55 «Қала келбеті»
 00:00 Қорытынды жаңалықтар (қайталау)

Қазақ қыздарының арасынан шыққан дара ғалым еді

Рая ЕСКЕНДІР

Қазақтың ұлтжанды ғалым қызы Клара Қожахметованың өмірден өткеніне де жылға жуықтады. Қазақ этнопедagogикасының өдіснамалық негізін салған көрнекті ғалым Клара Жантөреқызы арамызда жүргенде өзінің 65 жылдық асуын сүбелі жетістіктермен қарсы алар ма еді?! Өтген, уақытынан ерте озған ғалымның халқына бергенінен әлі де берері мол еді.



Сол аяулы тұлғаны еске алу мақсатында өзі еңбек еткен Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Әлемдік және қазақстандық білім – ғылым кеңістігіндегі этнопедagogика мен этнопсихология» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтін, оның аясында екі бірдей кітаптың тұсауы кесілді.

«Бекзат болмыс» деп аталатын кітапқа Клара Қожахметованың тағылымды ғұмыры, педагогикалық қызметі, ғылымдағы жетістіктері туралы, сонымен қатар, жақын туыстары мен шәкірттерінің, әріптестерінің сағынышқа толы естеліктері енген. Оқырманына жол тартқап 300 данамен жарық көрген естеліктер жинағында сондай-ақ, ғалымның әр жылдардағы мерзімді баспасөзге жарық көрген сұхбаттары, мақалалары да қоса беріліп отыр.

Екінші кітап «Профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың ғылыми мектебі» деп аталады. Мұнда ғалымның ғылыми мектебінің мөні мен мазмұны, құрылымы, даму бағыттары баяндалды. Кітапта ғалымның шәкірттеріне де орын берілген. Ғылыми тақырыптар туралы да мақалалар орын алған.

«Arna ltd» баспасынан жарық көрген кітаптар жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, ғылыми қызметкерлерге, докторанттар мен магистранттарға, жалпы, барша қызыға кітап оқушы оқырманға арналған.

ЖАС ТҮЛЕК, ОҚУҒА КЕЛ!

Білімге ұмтылған жас өреннің бүгінде мектептен қолтасып, өмір жолын, болашақ мамандығын тандайтын да уақыты келіп қалды. Осы орайда жас түлектерге бағыт болар деген оймен 80 жылдық тарихы бар, еліміздегі ірі білім ордасы, талайларға арман болған университетіміз – ҚазҰУ туралы айтқым келіп еді. Сол арманды қуып мен де бұл жоғары оқу орнына түстім.

Экономика және бизнес жоғарғы мектебі, Менеджмент және меркетинг кафедрасына оқуға түскен соң, жастық шақтың жалынымен бірге ҚазҰУ-дің білімі қызықтыра жетелеп жүре берді. Кафедраның менгерушісі, э.ғ.д. профессор Мұхтарова Қарлығаш Сапаровна бастаған оқытушылар, белгілі ғалымдардан дәріс алу біз үшін үлкен бақыт болды.

Менеджмент және маркетинг кафедрасында оқу маған көп мүмкіндіктерге жол ашты: Республикалық ғылыми жобаларға қатысу, ғылыммен айналысу, зиялы ортада болу, маған білім алуды, алған білімді сіңіруді, басқаға үйрете білуді үйретті. Бұл жоғары оқу орны маған өзімді-өзім тану, шындауға үйретті.

Ал бүгінгі ҚазҰУ – әлемдік рейтингтерде алдыңғы қатарлардан көрініп, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда танымал болған заманауи білім ордасы. QS британдық рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша біздің университет 2011 жылы әлемнің ең үздік жоғарғы оқу орындарының тізіміне енді (әлемнің ең үздік 800 университеті). Қазіргі таңда университеттің QS рейтингіндегі позициясы – 275 орын. Жоғары білікті оқытушы-профессорлар

құрамы, толық жабдықталған Фараби кітапханасы жастардың білім алу мүмкіндіктерін арттыра түседі. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен жасалған тиімді келісім-шарттар негізінде студенттердің академиялық үтқырлық аясында бір семестр басқа елдерде білім алып қайтуына болады. ҚазҰУ қалашығында жабдықталған интернет орталығы, спортпен шұғылданатын кешен, әртүрлі студенттік клубтар жұмыс істейтін студенттер сарайы, ғылыми орталықтар бар.

Қалай десем де, ҚазҰУ-мен мақтанамын, тіпті, халыққа танымал болып жүрген азаматтарды біздің түлегіміз деп естігенде, көңілім көтеріліп, бір маркайып қалатыным бар. Мен сол тұлғалардың отырған аудиториясында отырып, сол кісілерге сабақ берген ұстаздардан төлім алып жүргенім маған жігер береді. Әлемдік дәрежедегі білім мен спорт сайыстарында топ жарып жүрген ҚазҰУ студенттері сол аға буынның жалғасы шығар, мен де сол үрдіске илесе алсам, жетілгенім және самғап ұша алатындай болғаным деп сенемін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі осындай мүмкіндіктерді пайдаланып, сапалы білім алу үшін сен де, жас түлек, оқуға кел!

Э.БАЙМҰХАНБЕТОВА,
 әл-Фараби атындағы
 ҚазҰУ менеджмент және маркетинг
 кафедрасының доценті, э.ғ.к.,
 Мәдлір АЛМАХАН,
 Логистика мамандығының 4-курс студенті.